

әділет министрлігінде мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялау қағидалары тіркелді. бұл туралы білім және ғылым министрі асхат аймағамбетов мәлімдеді. министрдің хабарлауынша, білім беру жүйесінде мектеп, колледж және балабақша директорларын ротациялау институты пайда болды.

БІРҚАТАР МЕКТЕП БАСШЫЛАРЫ
ҚЫЗМЕТІНЕН КЕТУІ МҮМКІН

«Білім беру саласында он мыңнан астам мемлекеттік ұлым бар. Көптеген басшы мерзімсіз еңбек келісім-шартын жасасқан. Осыған байланысты бір ұлымда 10-15 жыл оған дана да көп жұмыс істейтіндер аз емес. Әрине, олардың арасында өз жұмысын жақсы білетін, білім беру ұйымының дамуына елеулі үлес қосатын басшылар бар. Дегенмен 10-15 жыл бойы бір орында отырып, өздерінің бастамашылығы мен дамуға деген ынтасын жоғалтатын мектеп директорлары да бар» деп жазды министр Facebook парақшасында.

Егер басыу узақ жыл бойы бір білім беру ұйымының басқару, бұл мотивациялық төмендеуде, жұмыс барысында хана тәсілдерін болмауына әкелуі мүмкін Сондықтан Министр "басшылық ететін ұйымның ауысуы өзгерістерді енгізуге және басшының жұмыстағы тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді" деп есептеді.

Ереженің басшылар бағытында келсек, біріншіден, бір білім беру ұйымында 4 немесе 7 жылдан астам жұмыс істеген басшылар ротацияланады. Осы білім беру ұйымында лауазыма тағайындалған күннен бастап 4 жыл жұмыс атқарған бірінші басшысы ротациядан өткізіп негізінде босатылып, тиісінше қолдан-ныстағы еңбек шарты шеңберінде өз жұмысын жалғастыра алады. Алайда басып сол ұйымда 7 жылдан астам уақыт жұмыс істесе, онда ол міндетті түрде ротацияланады. Осылайша бір білім беру ұйымына жетекшілік ету мерзімі 7 жылдан аспауы тиіс.

Ротациялаудың да бірнеше шарты бар. Оны облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармалары жүзеге асырады. Сондай-ақ ротация бір елді мекен аумағында жүргізіледі. Ротациялауды бір деңгейдегі ұйым басшылары арасында жүргізеді. Ротация кезінде бірінші басшылардың біліктілік санаты, яғни аталған санат үшін төленетін қосымша ақы да мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

Ашықтық пен объективтілікті қамтамасыз ету үшін ротациялау туралы мәселені қарау үшін комиссия жұмыс істейді. Ротациялау жүйесінің тиімді жұмыс істеуі және бұл қағидалардың жергілікті жерлерде дұрыс іске асырылуы үшін министрлік мониторинг жүргізеді.

жандос жазкен

Баспасөз – 2022

қадірлі оқырман!



«Сыр медиа» Жшс басылымдарына 2022 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде.
Ел жаңалығын білгіңіз келсе, сүйікті газетіңізден қол үзбеңіз.

Индекс	Басылым атауы	Жазылу мерзімі	Бағасы
65460	Сыр бойы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3500 тг
15460	Сыр бойы (мекеме үшін)	6 ай	4500 тг
65461	Қызылординские вести (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3500 тг
15461	Қызылординские вести (мекеме үшін)	6 ай	4500 тг
65425	Ақмешіт жастары (мекеме мен жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2000 тг
65463	Ақмешіт апталығы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2500 тг
15463	Ақмешіт апталығы (мекеме үшін)	6 ай	3500 тг
65019	Жалағаш жарысы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2500 тг
15019	Жалағаш жарысы (мекеме үшін)	6 ай	3500 тг
65878	Халық (мекеме мен жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3000 тг

**Сүйікті басылымыңызға
жазылуға асығыңыз!**

өлп ішін алатайдай бүлдірген
төхтажал кетіп, жасыл аймақ
қатарына кіріп, еңсемді көтеріліп,
бір серпіліп қалғанымыз рас.
той-томаулаққа да рұқсат етіліп,
балаларымыз сабаққа барып,
көңілге шынымен жайлы сенім
ұялап, жабырқаған жүректерге
жылу кірді. көңіл түкпіріндегі
қатқан мұздар ерігендей болды.
шынында осы жайлылық
мәңгілікке ұласып, әлемді
дүрліктірген Дерт бізден аулақ
кетіп, енді мазаламаса деген
үміт те жоқ емес. бірақ ондай
жайбарақаттыққа салынайын
десең, әлі қызыл мен сары
аймаққа таңылған өңірлер
бар болғаны көңілді күнті
етеді. ендеше асыр салып,
алансыз еркін өмірге оралу
үшін өріне, сақтық керек.
«аурудың азаюына вакцина
көмектесті» деген Дәрігерлердің
пікірі осындай кезде рас екеніне
қс жеткізесің. бір кездері өл
ішінде өрттей қаулаған аурудың
беті сол сақтық шараларын
жасап, екпе алғаннан басылған
сыйнайы.

гауһар қожаҲметова



Дерт Дауасы - вакцина

Бұл сөзімізді облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жангелді Шайымбетов те қуаттап отыр. Оның айтуынша, індет басталғалы бері өңірімізде коронавирус инфекциясымен 19246 науқас тіркелген. Жалпы емделіп шыққаны 97 пайызды құрайды.Өткен жылдан бері шетелдік және отандық ғалымдар бұл дертпен күресу үшін вакцина жасау жолында көп тер төкті. Нәтиже қунарлық екен.

«Қазақ «шымшық сойса да, қасапшы сойсын» дейді ғой. Сондықтан медицина маманының пікіріне иек артқан дұрыс болар. Аймақ бас дәрігері орынбасарының дерегіне, бүгінде облыс бойынша инфекциялық стационарда 153 науқас, реанимациялық төсек-орында 22 науқас ем қабылдап жатыр.

– Бүгінгі таңда аймағымызда КВИ-ға қарсы иммундау науқанына 106 екпе кабинеті, оның ішінде аудандарда 91 кабинет тартылған. Бұдан басқа, шалғайдағы ауылдық аудандарда, ұйымдасқан ұжымдарда, адамдар көп жиналатын жерлердегі ірі сауда ойын-сауық орталықтары, базарлар және басқалары КВИ-ға қарсы вакцинациялау жүргізу үшін оқытылған медициналық персоналмен жасақталған және арнайы тоназтықшы жабдығымен жарақтандырылған, – дейді ол.

Өткенге көз жіберіп зерделесек, қорғаныш қабілетін қалыптастыратын екпеден 12-18 жастағы балалар, жүкті және бала емізуші әйелдер шеттеп

қалған болатын. Аурудың салқыны жүкті әйелдерді айналып өтпегенін көзбен көрдік. Біз тұратын Жалағаш ауданының өзінен бірнеше жүкті әйел осы коронавируспен ауырып, ауруханаға жатқызылды.

– Міне, осы олқылықтың орнын толтыратын «Pfizer» вакцинасының 23400 дозасы өңірімізге келді. Бұл вакцина енді аймақтағы 12-18 жас аралығындағы балалар мен жүкті және бала емізші әйелдерге аз еріктерімен салынатын болады. Сонымен қатар Қазақстан бойынша коронавирусқа қарсы ревакцинация жұмыстары басталмақ. Бұл жұмыстарға біздің өңіріміз де дайын. Яғни вакцина салдыруға барлық жағдай жасалған, – деді Ж.Шайымбетов.

Жалағаш аудандық ауруханасының дәрігерлері де қауіпті дертпен күресте бейғамдық көрсетпей, алды алу шараларына сакалай сай отыр.

Аудандық аурухана бс дәрігерінің орынбасары
Алма Касеновановна айтуынша, Жалағаш ауданда
нында халыққа коронавирустың инфекцияға қарсы
«Pfizer» вакцинасын егу 15 қараша күні басталған.
Вакцинасын бүгінгі таңда 94 мемлекет пайдаланып
отырғанын да тілге тиек етіп тахирібелі дәрігер.
Аталған вакцина 12 жастан жоғары жасөспірімдерге,
жүйт өйелдерге жүктілікте 16-дан 37-ші аптасына
дейін, лактация кезіндегі өйелдерге босанғаннанан

кейінгі кезең аяқталғаннан кейін 42 күннен соң салынбақшы екен.

– Бастапқы кезде КВИ-ға қарсы профилактикалық егу 16-18 жас аралығында жасөспірімдерді вакцинациялаудан басталады. Келесі кезеңдерде 12,13,14 және 15 жастағы жасөспірімдер жүйелі түрде вакцинацияланады. Ауданда еке жұмыстары жасөспірімдерге білім беру ұйымдарында, егу пунктерінде, ал жүкті әйелдерге емханаңың егу кабинеттерінде келісіммен ғана жүргізіледі. Вакцинациядан кейін еке алған адам 30 минут дәрігер бақылауында болады.

Ауданда аталған вакцинаны 3530 жасөспірімге, 450 жүкті әйелге және лактация кезіндегі 700 әйелге салу жоспарланып отыр. Бүгінгі таңда аудандық қоймаға келген 120 доза вакцинаның 60-ы жасөспірімдерге, 12-сі жүкті әйелдерге жасалды, – дейді аудандық аурухана бас дәрігерінің орынбасары.

Шынында елді дүрбелеңге салған дәрттен күтулудың жалғыз жолы вакцина алу деп дәрігерлер дабыл қағуда. Адам өміріне араша түсірген ақ халаттылардың кеңесіне құлақ асқан адам болар. Бәлкім айыпқа дертке тосқауыл болар. Бізге осындай қиын кезеңде жауапкершіліктің нүктесін қояр тек дәрігер ғана. Басқа тәте жолды көрмеді. Ендеше, бейғамдықтан ада болайық, ағайын!

 мал шаруашылығы

ТҮЛІК САНЫ АРТСА, ЫРЫС МОЛАЯДЫ

төрт түлік – қашаннан қазақтың турмысынан ажырамас кәсіп. іскер азаматтар көшпелі қазақ турмысынан бастап күні бүгінге дейін жалғасқан ата кәсіптің бұл түрінің көкжиегін кеңейту. ата-бабамыз төрт түлікті қастерлегені сонша жайлаудан күзеуге, одан қыстауға көшіп, малдың қандан, төлді болуына жағдай жасаған. мал басын көбейту, ірілендіру мен асылдандыру саланың дамуына айтарлықтай үлес қосуда.

Жалпы Жалағашта мал шаруашылығын дамыту бағытындағы жұмыстар өз жемісін берген, өңірде төрт түлік санында айтарлықтай өсім қалыптасып отыр. Оның үстіне кәсіпке ден қойған жергілікті тұрғындар да мемлекеттік бағдарламаны тиімді пайдаланып, аталған салада серпін қалыптастыруға өз үлесін қосуда. Мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде берілетін қайтарымсыз грантқа ие болғандардың да басым бөлігі жобаларына осы саланы дамытуды арқау еткен.

Айталык, ҫылтыр ауданда МІК 114,4 жылкы 107,6 түе 111,5, кой-әшә 96, шошқа 100,9 пайыз көрсөткүшү кұраған. Әңіреде 100 шаруашылық мағ шаруашылығымен айналыса, онык 88-і «Сыбаға» бағдарламасы асында жұмыс істеуде. Аудан көлеміндегі асыл тұқымды МІК малының үлес салмағы 2, жылкы 0,16, кой 24 пайызға жеткен. Ал бүгінде аудан көлемінде 37 мыңға жуык мүмдізі ий қара, 44 мыңнан аса уақ мал, 16 мыңдай жылкы, 700-ден аса түе, 200-ден аса шошқа мен 11 мыңға жуык қас өсіріледү. Жыл басынан қазан айына дейін 2641,9 тонна ет, 7715,1 тонна сүт, 173,7 мың дана жұмыртқа өндірілсе, бұл көрсөткішті өткен жылмен салыстырсақ ет 101,8 пайызға, сүт 101,3 пайызға, жұмыртқа 101,9 пайызға орындаланған. Төрт түлікті сатып алуға, ет жұмыртқа өнімдеріне сураныстың жыл сайын артыуы бір жағынан кәсіпкерлердің де жұмысын ширататынын анық. Мал басын көбейтіп, сапалы өнімдерін нарыққа шығаратын қас иелерінің шаруасы шираса, аудан қазынасы да молаятынын айта кетейік.



Аудалышашылыгы бөлімнің мәліметіне сүйенсек, қазіргі таңда аудан бойынша 124 шаруашылық мал өсірумен айналысуда. Оның ішінде тікелей "Сыбаға" бағдарламасымен 116 шаруашылық жұмыс жасал тұр. Ата кәсіппен айналысуды қолға алып, малөккеттен қолдау күткендерге таптырмау мүмкіндік беретін аталған бағдарлама аясында 2011-2021 жылдары аралығында аудан бойынша қаржы институттары арқылы барлығы 812 млн теңге несиеленіп. Оның ішінде мұзиді қара алуға 569 млн жылқы алуға 123 млн, қой малына 120 млн теңге берілген. Қаражат алған кәсіпкерлер барлығы 3225 бас мұзиді қара мен 463 бас жылқы, 3174 бас қой сатып алған.


Аудан көлеміндегі асыл тұқымды малдың үлесі де артып отыр. Мал басын асылдандыру маңызды болғандықтан, асыл тұқымды ірі қара малына күтім жасау, бабына қарай бағу, одан нәтиже шығарып басын көбейту, экспорттау жұмысын жолға қою нағыз маманның ісі деуіміз керек. Көптің кәсібіне демеу болған «Сыбаға» бағдарламасы аясында өңірде

3 шаруашылық тікелей асыл тұқымды МҚ малын өсірумен айналысады. Атап айтар болсақ, «Бақдаулет-57» ФҚ, «Адал» ЖҚ, «Қисос Еркебұлан» ФҚ Бұдан бөлек «Бақдаулет-57» ШҚ, «Туған жер» ШҚ ет бағытындағы асыл тұқымды қой өсіруді кәсіп қылып отыр.

Кунтарларгы, соңгы кездери ауданымызда мал басын арттыру максатында шаруа чожаыктар мамлекет усынган багдарламаларды тиймди пайдаланып келеди. Осынын нетижесинде мал шаруашылыгы өнүмдөрдөттү. Ал қазір мемлекеттік бағдарламаның көмегімен қасп бастап, оның көкжиегін кеңейтуге болатынын бәрі біледі. Булар елдің турмысын түзуге, халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруге жұмыс істейтін бағдарламалар. Мемлекет қосып-айналысуға барлық жағдай жасап отыр. «Өз-нәпақанды қасімімен табымен» дегенге жан-жақты қолдау бар. Тек кезің таба біл керек.

Н.алмасқызы

ЖАҢАДАРИЯДА ЖАРҚЫН ІСТЕР КӨП



жарты ғасырДан астам тариХы бар жаңаДария ауылына бұрын жолымыз түсе бермейтін. әйтеуір той-томалақ, құдайы-астарда өзі аядай шағын ауылДан жергілікті Халықтың облыс және аудан орталықтарына жиі қоныс аударатынын ақсақалДар әңгімесінен құлағымыз шалып жатады. олай болмағанда ше, күн көрісі егін мен мал шаруашылығына тікелей байланысты. оның үстіне ол тұста бақша ДақылДары мен ет және сүт өнімДерінің нарықтағы бағасы тым төмен болғанын бәріміз жақсы білеміз. тіпті “аламесеке ауылына жаңаДарияны қосады екен” деген де сыбыс шықты. бүгін бір ауылДың бұлай тарауы қос елді мекенге де оңай емес. бірақ кейін мұның жәй ғана қаңқу сөз екенін естіп, қуанып қалдық. айтайын дегенім, көшегі аптада жолымыз сол 60 жылДан астам тариХы бар жаңаДария ауылына түсті. кіреберістегі мұнтаздай таза көшеге қарап, ол уақыттан бері ауданнан шалғай жатқан ауылда көптеген оң өзгерістерДің орын алғанын аңғара қойдық. бірақ сыртынан қарап тон пішкенше әкімДікке барып ғалым жанашевтан ауылДың тыныс-тіршілігі Хақында сұрауды жөн көрДік. әлі де әлеуметтің әлеуетін көтеруге бағытталған бірқатар жобаларымен бөліскен жаңаДарияның әкімі алғысөзДі ауылДың тариХынан бастады.



– Жаңадария ауылының тарихы 1964 жылдан бастау алады. Сол жылы КПСС орталық комитеті мен СССР министрлер кеңесінің бірлескен қаулысымен «шөл және шөлейт жерлерді игеру туралы» шешімімен құрылған Жаңадария совхозына алғашқы директор болып Жүсіп Бисариев тағайындалған. Бұдан кейін әр жылдары Асанбек Оспанов, Біржан Көштаев, Нәжімадин Ысқақов, Сахи Тұрсынбаев, Балғабай Имашев, Шағанбек Төлегенов, Манарбек Еспанов сынды бірқатар ағаларымыз совхозға директор болып басшылық жасаған. Совхоз құрылған күннен бастап ел басқарған азаматтар мен білікті мамандар және малшылар алғашқы ұйымдастыру жұмыстарын бірлесіп атқарып, мал басын көбейту жолында жемісті еңбек етті. Құрылыс жұмысы жыл өткен сайын қарқын алды. Совхоз орталығынан ақ шатырлы үйлер салынып, көшелерге талшыбықтар отырғызылып, көгалдандырылған. Ауылдың әлеуетін арттыру мақсатында мұнан өзге де қыруар шаруа жүзеге асырылды. Алдыңғы буын салып кеткен сара жолмен басқа да қордаланған мәселелерді шешу бүгінде бізге міндеттеліп отыр. Сондықтан мен және әріптестерім жұмыста жауапкершілік пен табандылықты бірінші кезекке қоюымыз керек. Өйткені бір қауым ел бізге сенім артып отыр, – дейді Ғалым Ерболұлы.

Өзі басқаратын ауылдың тарихын жатқа білуінің өзі иығына бір қауым елдің сенімін арқалағанын шын сезінгенін аңғартып тұрғандай көрінді бізге. Бұл пікірдің растығын дәлелдеу үшін әрине, бірінші кезекте “Ауыл әкімінің тұсында елді мекенде халықтың қандай қордаланған мәселелері шешімін тапты?” деген сауалдың түйінін тарқатуымыз керек. Шалғай ауылға арнайы ат басын бұруымыздың негізгі мақсаты осы.

Расында соңғы жылдары Жаңадарияда жарқын жобалардың қолға алынғанын һәм оның жергілікті халық игілігін көріп отырғанын біраз уақыттан бері ауылға ат ізін салмай кеткен жандар болса, бірден аңғара қояды. Елді мекеннің әлеуетін арттыру бағытында да қыруар шаруа жүзеге асқаны сепболса керек, бұрынғыдай емес, қазір ауылдан үдере көшу деген халықта түсінік жоқ. Себебі табыс табамын, кәсіп ашамын деген жандарға мұнда да тіршілік көзі жетіп артылады. Жаңбыр жауса, жарық мұң, ақау шықса, ауыз суға қол жеткізу әлекке айналар уақыт артта қалған. Себебі Жаңадарияда соңғы 1-2 жылда облыс тайқазанынан қаралған 100 млн теңгеге барлық электр жарығының бағаналары 100 пайыз жаңартылды. Қордаланған мәселені, көптің көкейінде жүрген сауалды жоғарыға жеткізіп, оны ел ағалары қолдауының нәтижесінде жүзеге асқан шаруа бұл. Оның үстіне

жаңадариялықтар тәулік бойы сапалы ауыз суға қол жеткізіп отыр. «Өңірлерді дамыту – 2020» бағдарламасы аясында жаңартылған ауылдағы ауыз су жүйесі 2 жыл бұрын пайдалануға берілген. Міне, осындай халыққа мейлінше жағдай жасау бағытында атқарылған жұмыстардың нәтижесінде жыл сайын тұрғындар санында өсім қалыптасып отыр. Мәселен, бұған дейін шалғай ауылда халық саны 530-ды құраса, көшегі санақ жұмыстары кезінде 557-ге жеткені белгілі болды.

Мейлі ол ауыл болсын, қала болсын бәрібір, кез келген елді мекенде кәсіпкерлік саласы алға баспай әлеуметтің әлеуетін арттыру қиынға соғады. Ал мұны ауыл әкімі жақсы біледі. Ғалым Ерболұлының Жаңадарияда өз жобамды жүзеге асырып, табыс көзін арттырамын деген жерлерінен мейлінше сүйемдеуді

Мәселен, орталық Абай көшесінің 1,3 шақырымына келер жылы асфальт төселеді. Мұнан бөлек Достық, Жаңадария, Қ.Сәтбаев көшелеріне де жәй жөндеу жұмыстары жүреді. Тұрмысы түзелген ауылда әлі де мұндай жұмыстардың жүзеге асуы жергілікті тұрғындарға тиімді, әрине.

Айтпақшы сол Абай көшесінде орналасқан спорт алаңы бар. Бұған дейін футболдан ауыл жастары арасында өткізілген турнирді ақпараттандыруға барғанымызда қара жерде доп тепкен жастарға қарап, салауатты өмір салтын ұстанушыларға жағдай жасалмағанына қынжылған едік. Кейін бұл мәселені аудан әкімі Асылбек Өмірбекұлына айтқанымызда жауапты азаматтармен ақылдасып, “мейлінше тұрғындар өтінішін жерде қалдырмауымыз керек” деп сөзін

асар жұмыстар жетіп артылады. Арық сөйлеп, семіз шығуды жөн санаған Жаңадарияның әкімі өзiрге ол жайында жарияламауымызды сұрады. Бастысы халықтың тұрмысы түзелген, жарық, судан мәселе жоқ. Кәсіпкерлік саласы қарқынды дамып келеді. Білім, мәдениет, денсаулық, спорт секілді бірқатар салаларда да серпін жоқ емес. Ғалым Ерболұлы мұның бәрін ауыл халқының ауызбіршілікпен, ымырамен іс қылуының нәтижесімен байланыстырады.

– Халықтың ауызбіршілігі, татулығы жоғары. Қай істі қолға алсақ та ел болып жұмылып, сол дүниені жүзеге асыруда жаңадариялықтар қарап қалып жатқан жоқ. Ауыл орталығынан имандылық үйі бой көтерді. Бірінші кезекте демеушілік еткен іскер азаматтарға алғысым шексіз. Сол тұста ауыл халқы да қарап



бірінші кезекке қоятыны да сондықтан. Нәтижесінде елді мекенде жыл сайын кәсіппен айналысатын азаматтар саны артып отыр. Қазіргі таңда Жаңадарияда 56 іскер азамат өз ісін өрістету арқылы үлкен табысқа қол жеткізуде.

Әкімдік ауылда жұмыссыздық мәселесімен күресуде де бірқатар оң нәтижеге қол жеткізген. Әрине, шағын ғана шалғай ауылда бос және тұрақты жаңа жұмыс орнын ашу қиынға соғады. Бұл ретте Ғалым Жаңашев мемлекеттік бағдарламалар арқылы халыққа кәсіп ашуға кеңес беріп отыр. Нәтижесінде “Жалпай кәсіпкерлікті дамытудың “Еңбек” мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде бірнеше ауыл тұрғыны қайтарымызсыз қаржыға қол жеткізіп, ауылда өз жобаларын жүзеге асыру арқылы табысын еселеп отыр.

Жаңадариялықтар негізінен бақша дақылдарын күтіп-баптап, өз өнімімен аймақ халқын қамтамасыз етіп отыр десек, артық айтқандық болмас. Иә, бас шаһардағы сауда орындарынан да Жаңадарияда күтіп-бапталған өнім түрлерін кезіктіру қиын емес. Ал кент тұрғындарының қыстық азығын қамдау кезінде осы елді мекенде өсірілген өнімді таласып алатыны айтпаса да белгілі. Демек, ауыл еңбеккерлері өз тұтынушыларына сапалы өнім ұсыну үшін бақша дақылдарын күтіп-баптаудың қыр-сырына қаныққан деген сөз.

Десе де ауылға аяқсудың толық жетуі кейінгі жылдары қиынға соққан. Әрине, бұл – егін шаруашылығын кәсіп көзіне айналдырған жергілікті халық үшін үлкен мәселе. Ауыл әкімінен бұл жайында сұрағанымызда елді мекенге кіреберістегі “Мүлкілән” каналына алып барды. Әлгі каналдың жағасы техникаға толы. Каналдың арғы басы жар-жар төбешік, бақсақ, ауылға толық аяқсу жеткізудің қамы өкен. Қазір мұнда каналды тереңдетіп қазу жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Демек, келер жылы жаңадариялықтарға аяқсу мәселе болмайды.

Елді мекен халқының әлеуметтік жағдайын, өңірде қолға алынған өрісті жобалар хақында қажетті мәліметке қаныққан соң, ауыл әкімінен жол құрылысына қатысты бірқатар сауалымызды қойдық. Жаңадарияда қазір барлық көшеге жарық бағаналары орнатылған. Алдағы уақытта жол сапасын жақсарту үшін бұл елді мекенде жол құрылысы қарқын алғалы жатыр.

түйіндеген. Кеше сол алаңға жайылған жасанды төсенішті көріп, қуанып қалдық. Әкім айтты, мәселе де шешімін тапты. Жалпы құны 2 млн теңгеден асатын бұл жобаның да бүгінде ауыл жастары игілігін көріп отыр. Иә, қазір ауылдан шыққан таланттар да тасада қалмайды. Естеріңізде болса, Алматы қаласында өткен спорттық долада осы ауылдан барған 14 спортшының барлығы да жұлдемен оралған болатын. Одан бері де түрлі сайыстарда жаңадариялық жастар аймақтың мерейін үстем етті.

Ұлағатты ұстаздардың еселі еңбегінің жемісі болса керек, соңғы жылдары ауылдағы мектеп түлектері салада оң нәтижелерге қол жеткізіп жүр. Мәселен, биыл мектеп бітіруші 5 оқушының 4-еуі мемлекеттік грантты жеңіп алған. Аядай ауылдағы оқушысы аз білім ошағы үшін бұл – үлкен нәтиже. Ауыл мектебінің

қалған жоқ. Бәрі бірауыздан келісімге келіп, бір қолдың саласындай бірігіп, мешіт құрылысының қарқын алуына ат салысты. Алдағы жобаларды, ауылдың әлеуетін арттыру мақсатындағы жұмыстарды да осылай атқара береміз деп сенемін. Бір сөзбен айтқанда, жаңадариялықтардың ымырамен іс қылып, ауылды абаттандыруға қосқан һәм қосар үлесін жоғары бағалаймын, – дейді Ғалым Жаңашев.

Қазіргі таңда ауылдық округте алты жүзге жуық тұрғын бар. Олар елді мекенде 3 347 бас уақ мал, 390 бас жылқы, 560 құс өсіруде. Ауылдық округтің қамтуында фельдшерлік-акушерлік пункт, мектеп, клуб, байланыс бөлімшесі, мектеп жанынан ашылған шағын балабақша, мал дәрігерлік пункт, 3 дүкен жұмыс істейді. Биыл ауыл орталығынан кәсіпкерлердің демеушілігімен жаңа



ғимараты осыдан 35 жылдай уақыт бұрын салынған. Көне нысанның күрделі жөндеу жұмыстарын да қазір ауыл әкімдігі алдағы күн тәртібіне белгілеп қойған. Бұйырса, қаржы мәселесі шешілген бойда ғимаратқа жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Айта берсек, ауылда тарқатып жазар дүние көп. Бастысы әлеуметтің әлеуетін көтеруге бағытталған барлық жобаның жергілікті тұрғындар игілігін көріп отыр. Алдағы уақытта мұнан өзге де жүзеге

мешіт салынып, пайдалануға берілді. Ауыл тұрғындары негізінен мемлекеттік бағдарламалар бойынша несие алып, мал шаруашылығымен және көкөніс, бақша дақылдарын өтүмен айналысуда. Жаңадариялық бағандар жыл сайын жәрмеңкелерге қатысып, аудан халқымен бірге Қызылорда қаласы тұрғындарына да қауын-қарбыз, картоп секілді бірқатар өнім түрлерін ұсынып келеді.

жандос жазкен

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕ МІН БОЛМАУЫ ТИІС

қай кезде де қоғам дамуына кедергі келтіретін мәселелермен күресу күн тәртібінде. өсіресе сыбайластық жең ұшынан жалғасып, ауыздықтауға әл бермей тұр. мойны жар бермейтін, жемқорлықты жөн көретіндер қоғам ішінде алауыздық тудырып, ел дамуына тосқауыл болуда. өзгенің өзегін өртеген өзекті мәселеден сабақ алмайтындар адалдықтың ауылынан алыс қалғаны қашан. сондықтан да жемқорлықты жою мақсатында қанша жұмыстар жасалды. бұл жұмыстар әлі де толастамайды.

Өткен аптада «Әділдік жолы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалының басшысы Л.Бақтыбаева, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы департаменті басшысының орынбасары Б.Байқожаев және осы департаменттің бас маманы Н.Сүлейменов аудандағы мемлекеттік қызметкерлермен кездесті.

Келелі кездесуде «Әділдік жолы» республикалық қоғамдық бірлестігінің қызметі, мемлекеттік қызмет көрсету саласы және сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы сөз болды. Күн тәртібіндегі мәселелер төңірегінде хабарлама жасаған департамент қызметкерлері өсіресе мемлекеттік қызметтің мінсіз болуы керек екенін атап өтті. Сондай-ақ басқосуда жемқорлық

көрініс бермеуі үшін халықтың құқықтық сауатты болуының маңызды, біреудің ала жібін аттап, өз болашағына балта шапқандардың күйі өзгеге сабақ болуы керектігі айтылды.

Кездесуден соң сала қызметкерлері құқықтық кеңес, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлықпен күрес салалары бойынша қоғамдық қабылдау өткізді. Мұнда аудан тұрғындарының мемлекеттік қызмет мәселелері жөніндегі шағымдары мен ұсыныстары тыңдалып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

н.алмасқызы





АУДАНЫМЫЗДА ІЛКІМДІ ІСТЕР АТҚАРЫЛУДА

жалағаш аудандық мәслихатының көзектен тыс 10-сессиясының отырысы өтті. сессияға аудан әкімі асылбек шаменов, қызылорда облыстық мәслихатының Хатшысы наурызбай байқадамов, аудан әкімінің орынбасарлары, кент және ауыл әкімдері, мекемелер мен арнайы шақырылған сала басшылары қатысты. сессияны аудандық мәслихат Хатшысы гүлзат құрманбаева ашып, жүргізіп отырды. күн тәртібінде 7 мәселе талқыланып, тиісті шешімдер қабылданды.

Атап айтсақ, аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Жұпар Баймаханова «2021-2023 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 23 желтоқсандағы №69-1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы баяндады. Ал аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы Эльмира Құттымбетова "Жалағаш ауданында мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу мөлшерін және тәртібін айқындау туралы" және «Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаз азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 28 қазандағы №64-2 шешіміне өзгеріс енгізу туралы айтып өтті.

"Жалағаш ауданы әкімі аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмылдыру дайындығы және аумақтық қорғаныс бөлімінің басшысы Саюзбек Садықов «Жалағаш ауданы әкімдігінің жанындағы терроризмге қарсы комиссияның дербес құрамын бекіту туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2018 жылғы 13 шілдедегі №25-2 шешіміне өзгеріс енгізу туралы хабарлама жасада, аудан әкімі аппаратының басшысы Мейірбек Құрақбаев «Жалағаш ауданы әкімдігінің дербес құрамына келісім беру туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2021 жылғы 12 ақпандағы №2-6 шешіміне өзгеріс енгізу туралы баяндады.

Сессияда аудандық мәслихат аппараты басшысының міндетін атқарушы Талғат Сарбаев «Жалағаш ауданында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің Қағидасын бекіту туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2014 жылғы 06 маусымдағы

№33-2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы және «Жалағаш ауданының кент және ауылдық округтерінің жергілікті қоғамдастық жиналысының регламентін бекіту туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2018 жылғы 14 мамырдағы №23-3 шешіміне өзгеріс енгізу туралы хабарлама жасады. Күн тәртібінде қаралған мәселелер тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысында алдын ала талқыланды.

Сессия соңында ауданға жұмыс сапарымен келген Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы Наурызбай Сейтқалиұлы 2021 жылдың қаңтар айынан осы кезге дейінгі атқарылған жұмыстар туралы қысқаша есеп берді. Сонымен қатар, аудандағы атқарылып жатқан ілкімді жұмыстарға оң бағасын беріп, қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығына тоқталды.

Аудан әкімі Асылбек Өмірбекұлы облыстық мәслихат хатшысына бірнеше ұсыныс айтып, аталған мәселелердің қолдауды қажет ететінін атап өтті.

Сессиядан соң Наурызбай Сейтқалиұлы ауданымыздағы бірқатар нысандарды аралады. Атап айтсақ, Сырдария өзені көпірінің, Бұқарбай батыр ауылдық округіндегі «Ирригация және дренаж жүйелерін жетілдіру» жобасының, сонымен бірге Есет батыр елді мекеніне кіре беріс «Самара-Шымкент-Еңбек-Есет батыр-Жаңадария» аудандық маңызы бар күре жолдың ПК+146+70 учаскесіндегі автомобиль көпірін реконструкциялау жұмыстарымен танысты.

Ирригация және дренаж жүйелерін жетілдіру жобасының екінші кезеңі басталды. Мердігер – "Мелиоратор-Казахдорстрой-Ақсу" консорциумы. Аталған жобаны іске асыру жұмыстары 2019 жылы 4 ауылдық округте басталды. Атап айтқанда, Бұқарбай батыр (6036,85 га), Мәдениет (3051,6 га), Таң (3760,66 га), Аққұм (2273,89 га). Барлығы 15123 гектар инженерлік тұрғыда әзірленген суармалы жерлер енгізілді. Жоба басталғаннан бүгінгі күнге дейін жоспарланған 1 370 228 метр каналдың 1 011 150 метрі тазаланды (74%), салынуы тиіс 14684 дана су құрылысының 4994 данасы салынды (34%), тазалануы тиіс 328 049 метр қашыртқының 299 755 метрі тазаланды (91%) және 151 дана бақылау ұңғымаларының 39 данасы (26%) қалпына келтірілді.

Ал Сырдария өзенінің көпірін жөндеуге жалпы құны 223,5 миллион теңгені құрайтын жобалау-сметалық құжаттар әзірленіп, ведомствалық сараптамадан өткізілді. Жобаны қаржыландыру үшін бюджеттік өтімін облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы арқылы ҚР автомобиль жолдары комитетіне тапсырылды.

Жалағаш ауданындағы Есет батыр елді мекеніне кіре беріс «Самара-Шымкент-Еңбек-Есет батыр-Жаңадария» аудандық маңызы бар жолының ПК+146+70 учаскесіндегі автомобиль көпірін реконструкциялау жұмыстарына жалпы құны 149,5 миллион теңгені құрайтын жоба әзірленді. 2021 жылы республикалық бюджеттен 59,7 миллион теңге бөлініп, мердігер "Жылу XXI" ЖШС жұмыс жүргізіп жатыр.

куат аХетов



АНЕМИЯДАН АРЫЛУДЫҢ ЖОЛЫ

қазір науқас санының көптігі жағынан жүрек-қан тамырлары аурулары мен артериялық қан қысымының жоғарылауы бірінші орында. Диспансерлік есепте тұрғандардың көбі осы екі аурумен шағымданып отыр. Ал осылардың ізінше Дәрігерге жүгінетіндердің көлесі бөлігі қан аздықтың ем-домын іздейтіндер екен. яғни Деректер бойынша жас болсын, үлкен болсын осы анемиямен ауруХанаға жиі бас сұғатын көрінеді.

Жалпы анемия немесе қан аздық ауруы бүгінгі таңда көбейіп тұр. Дәрігерлердің айтуы бойынша, анемия ауруына қыз-келіншектер мен кішкентай сәбилер көп ұшырайды. Әсіресе 4,5-5 жастағы балаларда осы қан аздық көп кездеседі. Анемия балалардың бойларының өсуіне, буындарының қатуына, тістерінің дұрыс шығуына кері әсерін тигізетіндіктен, бейжай қарауға болмайтынын ескерген жөн. Ол үшін баланың нақты анемия екенін анықтап алған дұрыс. Егер баланың немесе үлкен адамның терісі бозарып, қайта-қайта басы айналып, ағзасы әлсірегенін байқасаңыз, көзінің қарауытқанын білсеңіз, ойланбастан дереу дәрігерге жолығу керек. Өйткені бұл белгілер анемияның нақты көріністері болып саналады. Осы белгілер қылаң берсе, онда жақыныңыз қан аздық ауруымен ауырады деген сөз. Дегенмен анемия төсекке танылып жата қалатын ауру емес, бірақ ұзақ уақыт тексеріссіз, күтімсіз жүретін болсаңыз бұл да адам өміріне қауіп төндіруі өбден мүмкін. Себебі анемиясы бар адамның оқыс не шұғыл қимылдардан аяқ-қолы тартылып, ақырында жүрекке күш түсуі мүмкін. Ал жүрек сыр берсе, не боларын ойлана беріңіз.

Анемия қалай пайда болады? Енді осы сұрақтың төңірегіне бойлап көрелік. Анемия ағзадағы темір мен В12 дәруменінің жетіспеушілігінен, қандағы гемоглобин көрсеткішінің төмендігінен туындайды. Сондай-ақ ацетилин қышқылы немесе ибупрофен дәрілерін жиі қабылдау мән онкологиялық аурулар себеп болады. Ал кішкентай балаларда анемия инфекциялық аурулардан пайда болатынын айтады ақ халаттылар. Жаңа айтқанымыздай, анемия ағзадағы темірдің аздығынан болады. Бұл олқылықты толтыру үшін тағы да міндетті түрде ас мәзіріңізге зер салыңыз. Дұрыс тамақтанбау мен ағзаға кері әсерін тигізетін тағамдармен ауқаттану анемияға жол ашады. Сондықтан да көп мөлшерде жеміс-жидектер мен көкөністер тағы сол сияқты құрамында дәрумендері бар азық-түрлерін көп пайдалану керек. Қызылшаны шикілеп үккіштен өткізіп, оған анар мен бал қосып, күніне 2-3 мәрте ішудіңде анемияны емдеуге көмектесетінін біліңіз.

Бұдан бөлек ас мәзіріңізде әрдайым жұмыртқа, ірімшік, балық, пісірілген ет сияқты тағамдардың болуын қадағалаңыз. Бұл тағамдарды жоғарыда айтылған көкөністер, жеміс-жидектермен бірге пайдалануға болады. Ал газды сусындардың орнына сүт өнімдері мен пайдасы мол ауқаттарды көбірек тұтыныңыз. Сонда сіздің ағзаңыз пайдалы тағамдарға бейімделіп, бір қалыпқа түседі. Дәрумендер тобы ретке келіп, ағзадағы темір көбейеді.

Айта кетейік, дәрігерлер уақытылы қан тапсырып, медициналық тексерулерден өту керек екенін айтады. Денсаулығыңызға салғырт қарамай, уақытылы ем қабылдасаңыз, кез келген аурудың алдын ала-тындығыңызды естен шығармаңыз.

Дайындаған нұр науан

АЛАЯҚТАРҒА АЛДАНЫП ҚАЛМАҢЫЗ



ғаламтор, әлеуметтік желі алаяқтардың оңай олжаға кенелер ортасына айналғанДай, бөтеннің мүлкін алаяқтық жолмен жымқыру тым жеңіл болып көткендей. 2021 жылдың 10 айында жалағаш ауданында алаяқтық қылмыстары былтырғымен салыстырғанда 66,7 пайызға (3-тен 5-ке) өсім алғанын атап өткен жөн.

"Алаяқтарды осы қылмысқа итермелейтін не жағдай?" деген сауалға үңілсек, олар мұны оңай ақша табудың тиімді жолы деп біледі және көбіне олар өз дегендеріне жетіп, сенгіш адамдарды пайдаланады. Алғашқыда бір-екі рет жолы болып, өтірік уәде беріп, өзге біреулердің ақадан қаржысын иемденіп кетеді. Дегенмен, "қылмыстың өтеуі – жаза" дегендей, түбінде жасаған қылмыстары әшкере болып, заңдылықпен жазаланады.

Аудандық полиция бөлімімен М.Б. есімді азаматшаның ақпараттық жүйені пайдаланушы бөтеннің мүлкін сенімді теріс пайдалану жолымен бірнеше рет алдап, алаяқтық қылмысын жасағаны әшкере етілді. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында М.Б. есімді аудан тұрғыны инстаграмм әлеуметтік желісін пайдаланып, уялы телефонның арқылы «тапсырыс қабылдаймыз, сұраған заттардың барлығы бар» деп жалған мәлімет жазып, онымен жәбірленуші З.А.Есенова танысып, екеуі сөйлескен соң түрлі заттарға тапсырыс беріп, оның 8 776 842 95 19 уялы телефонна бірлік ретінде 60 100 теңге аударған соң бірнеше күннен кейін алаяқ азаматша телефонның өшіріп тастап, тапсырыс қабылдаған заттарын бермей, жәбірленуші З.Есенованың 60 100 теңгесін және дәл осындай тәсілмен

А.С.Джумағалиеваның 22 850 теңгесін жымқырғаны дәлелденген. Тергеп-тексеру нәтижесімен қылмыстық іс сотқа жолданған және бүгінгі күні сот актісі қабылданған.

Қазір «Қазаннан қақпақ кетсе, адамнан ұят кетеді» дегендей, қылмыстың бұл түрімен айналысушылар саны кейбіреме, кеміген жоқ. Нарық билеген қоғамда адамдар ақша табу үшін неше түрлі айла-амалдарға баруда, оның ішінде алдап, арбау арқылы ақша табатындардың жолы болып тұр. Бұл ретте Жалағаш аудандық прокуратурасы алаяқтардан сақтану үшін тұрғындарға кеңес береді.

Біріншіден, банк картаның деректерін, картаның сыртқы жағындағы 3 санды CVV/CVC-кодын ешкімге айтпаңыз. Сондай-ақ туындаған сұрақтар бойынша ресми ақпарат алу үшін мемлекеттік органдарға, екінші деңгейдегі банктер мен заңды тұлғалардың ресми өкілдеріне жүгінуге тырысыңыз. Жеке куәлік және дербес деректерді қамтитын құжаттарыңызды ешкімге жібермеңіз. Алаяқтардың құрбаны болған жағдайда дереу құқық қорғау органы қызметіне жүгініңіз.

қ.назар, аудандық прокуратураның прокуроры

АҚБӨКЕНГЕ ҚАМҚОР БОЛАЙЫҚ

киікті қазақ киелі жануар деп есептейді. ел арасында оларды атқан адам бақытсыздыққа ұшырайды деген сенім бар. киіктің қаншалықты киелі екендігін кім білсін, бірақ өте ақылды және қандай табиғи ортада болсын, тез бейімделіп кететін жануар екендігі анық. ақбөкендердің басына қаншама зобалаң заман туғанмен, миллиондаған жылдар бойы тұқымын сақтап қала алды. осының өзі ақбөкендердің өмірге өте бейімділігін, өсімталдығын аңғартады.

Қазіргі таңда қолданыстағы Заң талаптарына өзгерістер енгізіліп, заңсыз аңшылықпен айналысу немесе тасымалдау, сақтау, сатып алумен айналысатын тұлғаларға қатысты ҚР Қылмыстық Кодексінің 337 және 339 баптарына сәйкес, аңшылықпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, мүлкі тәркіленіп, бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға немесе мөлшерде

түзету жұмыстарына не үш жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан шектеуге немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазалары көзделген.

Бір бас ақбөкен аңының серкесі үшін табиғатқа келген залалды өтеу соммасы 6 млн 563 мың 250 теңге, аналығымен төліне 4 млн 594 мың 275 теңгені құрайды. Сонымен қатар сотты болған азаматтардың қылмыстық әрекеттер объектісі,



қылмыс жасау қаруы, пайдаланылған көлік құралдары тәркіленеді. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында киіктерді атуға, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға 2023 жылға дейін тыйым салынған.

«жалағаш орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» кмм

Хабарландыру

2021 ЖЫЛДЫҢ 27 ҚАҢТАРДА САҒАТ 15:00-ДЕ ЖАЛАҒАШ КЕНТІ-НІҢ ҚАЗБЕК БИ КӨШЕСІ №55 МЕКЕН-ЖАЙЫНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК ҒИМАРАТТА "БЕСТӨБЕ КЕН ОРНЫН СЫНАМАЛЫ ПАЙДАЛАНУ ЖОБАСЫНА №2 ҚОСЫМША (ЗЕРТТЕЛУ ЖАҒДАЙЫ БОЙЫНША 01.09.2021 ж.)" ЖОБАСЫ БОЙЫНША АШЫҚ ЖИНАЛЫС ТҮРІНДЕ ҚОҒАМДЫҚ ТЫНДАУЛАР ӨТІТІНДІГІН ХАБАРЛАЙМЫЗ.

объявление

27 ЯНВАРЯ 2021 ГОДА В 15 ЧАС 00 МИН В АДМИН.ЗДАНИЕ ПОС.ЖАЛАҒАШ ПО УЛ.КАЗБЕК БИ №55 ПРОВОДИТСЯ ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ В ФОРМАТЕ ОТКРЫТОГО СОБРАНИЯ ПО ПРОЕКТУ «ДОПОЛНЕНИЕ №2 К ПРОЕКТУ ПРОБНОЙ ЭКСПЛУАТАЦИИ МЕСТОРОЖДЕНИЯ БЕСТӨБЕ (ПО СОСТОЯНИЮ ИЗУЧЕННОСТИ НА 01.09.2021 г.)»

Хабарландыру

2021 ЖЫЛДЫҢ 27 ҚАҢТАРДА САҒАТ 17:00-ДЕ ЖАЛАҒАШ КЕНТІНІҢ ҚАЗБЕК БИ КӨШЕСІ №55 МЕКЕН-ЖАЙЫНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК ҒИМАРАТТА "БЕСТӨБЕ КЕН ОРНЫН СЫНАМАЛЫ ПАЙДАЛАНУ ЖОБАСЫНА №2 ҚОСЫМША (ЗЕРТТЕЛУ ЖАҒДАЙЫ БОЙЫНША 01.09.2021 ж.)" ЖОБАСЫ БОЙЫНША АШЫҚ ЖИНАЛЫС ТҮРІНДЕ ҚОҒАМДЫҚ ТЫНДАУЛАР ӨТІТІНДІГІН ХАБАРЛАЙМЫЗ.

объявление

27 ҚАҢТАРДА 2021 ГОДА В 17 ЧАС 00 МИН В АДМИН.ЗДАНИЕ ПОС.ЖАЛАҒАШ ПО УЛ. КАЗБЕК БИ №55 ПРОВОДИТСЯ ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ В ФОРМАТЕ ОТКРЫТОГО СОБРАНИЯ ПО ПРОЕКТУ «ДОПОЛНЕНИЕ №2 К ПРОЕКТУ ПРОБНОЙ ЭКСПЛУАТАЦИИ МЕСТОРОЖДЕНИЯ КАРАКОЛЬ (ПО СОСТОЯНИЮ ИЗУЧЕННОСТИ НА 01.10.2021 г.)»

бин 820105301634



Ойтамызық

ҚАРА ШАҢҰЫРАҚ ҚАҢЫРАМАСЫН



қазір қара шаңырақтан кие кетіп барады. Дөп күрсінетін қариялар көбейді. неге олай? заман орнында, адам орнында, ал қоғам өзгерді. оған шүбә жоқ. үлкендердің қарашаңырақты аңсайтын жөні бар. бағзыдан келе жатқан осы бір қазақ Халқында ғана бар қасиеттің қадірі қаша бастады. үйінде қария болса, сол үйде береке болатын. үйдің есігі өмірі құлыптанбайтын. шәй қайнап, ДастарХан жайылып, үйден қонақ арылмайтын. қарттарға сәлем беруге алыстан келген ағайын түгіл көрші-көлем бас сұғып тұратын. адамдардың жүрегінде бір-біріне деген сағыншы сезімі болып, сәл көрмесе, бір-бірін іздеп отыратын. қарашаңырақ – ұрпақтар өрбіген қуатты ұя еді. кең мағынада бүкіл ұлт тұтас ірге жайған жер де қарашаңыраққа жатады ғой. сондықтан қазақ баласы атасы көтерген қарашаңырақты аялай қастерлеп, оның қасиетін өзінің ар-намысындай сезінетін.



Қашанда әке-шеше отырған үй аяулы, ардақты, ыстық саналып, келіндер үлкен үйге имене басып, төрге озбай, босағадан сәлем салатын. Оны құтты орынға теңейтін үрдіс бар-тын. Өзінің де ұрпағын өсіріп, өркенін сол шаңырақта жаюды мұрат тұтатын. Міне, осылайша ата-анасы өмір сүрген қарашаңырақ ұрпақ арманының, мақсат-мүддесінің бір шоқтығы биік табынар мекені еді.

Естеріңізде болса, «Анамның тұтынған сандығы», «Әкемің тері сіңген тақия» деген сөздер бала күннен санамызда жатталып қалған. Туған үйдің берекесі қаланған әр кірпіші бізге ыстық болатын. Бұрынғы өткен ата-бабаларымыз қара шаңырақ түгілі ондағы кей заттарды бұзуға жол бермеген. Үлкендер үйді бұзғанша басқа жер сатып алып, жаңа үй салғанды қалайтын. Себебі сол берекелі үйді салуға үлкен-кіші бәрі жұмылғаны санадан шықпайтын.

Иә, мүмкін ол сөздің де жаны бар да шығар. Менің ауылда тұратын көрші әжейім өзінің үйін бұздырмады. Көненің көзі әжейімдің сондағы айтқаны «Шырағым, бұл үйді салғанда еңкейген кемпірлер мен аяғы ауыр әйелдер де жәрдем берген. Ол кезде қазіргідей дайын кірпіш жоқ. Лай мен сабанды араластырып, қолдан кірпіш құятынбыз. Бала болсақ та сабан тасыдық, лай өкелдік. Таңның атысы, күннің батысы еңбектендік. Қаншама күш, қанша еңбек сінді, тер төгілді. Соны біле тұра шаңырағымды ортамызға түсіремін дейсіндер. Олай еткенше, тірідей көмгендерің дұрыс. Құс екеш құс та өз ұясын бұзбайды ғой» деген болатын. Сол қариядан қызық көріп «әже, тағы нені бұзуға болмайды?» дегенімде ол кісі мүдірместен «екінші, бауды бұзуға болмайды. Қазақта «Бір тал кессең, он

тал ек», «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген мағыналы сөз бар. Тереңіне үңілсең, атаң еккен бауды меңзейді. Қартайған, жеміс салуды тоқтатқан ағашты кесуге болады. Бірақ міндетті түрде жаңадан тал егу керек. Ағаштың жаны болмаса да жүрегі бар, көзі болмаса да көңілі бар.

Үшінші кезекте, тандыр жасайтын пешті бұзбайды. Сол пештен шыққан тандыр бір шаңырақ тұрмақ, бір көшені тамақтандырған десем, артық емес. Анамыз тандыр нан жабатын, шоғына тамақ, сүт пісіретін. Тандырға піскен нанда береке бар, ол апталап тұрса да ескірмейді, көгермейді, күші де кетпейді. Тандыр нанының құнары мол, қуаты басым» деген еді. Қандай кемегер жан десеңші.

Қазір қара шаңырақты сатпақ түгілі бүкіл әулеттің айбары мен айбыны, өсиеті мен қасиеті, мәуелі бейтеректің алтын қазығы болған қарияларымызды да ойланбастан түтін түтеткен үйінен, немере-шөберелерінен бездіріп, қарттар үйіне өткізе салатын болдық.

Мекені іздеп нетесің, Меккеге қашан жетесің? Әзір Мекке алдында, Пейлімнен сыйласаң, Атаң менен анаңды! – деп ата-анаңа көрсеткен сый құрметің Құдай жолын қуып, Меккеге барумен парапар деген ой қорытқан бұрынғылар.

Дария кеуде, тау мүсін абыздарымыз жылуы маңайнан аспай, мейірімге шөлікпел, рухы аласарып, бір шөкім болған кейпінде құр сүлдері жүрген болар. Ол кісілермен сөйлессең, кезінде үлкен лауазымды қызмет істеген, зиялы, көкірек көзі ояу, білімді адамдар да бар екенін көресің. Сонда деймін-ау, шатыры көк

тіреген, зәулім ғимараттан сол аяулы әкесі мен түн ұйқысын төрт бөлген анасына бір бөлме жетпегені ме? Әлде көңілдің не пейілдің сараңдығы ма екен? Қазіргі перзенттеріміз неге қатыгез, суық болып барады? Әлде олар өздерін мәңгілік жас қалпында қаламыз деп ойлай ма екен? Сол мейірімсіз жандар балаларының өз аталары мен әжелерінің мейіріміне шөлдеп, тамырсыз шыбықтай нәрсіз өсетінін білмей ма екен? Біле-білсе, күш-қуат пен өмірлік энергия немерелеріне атасы мен әжесінің аялы алақаны мен ыстық ықыласынан да берілетінін ғалымдар дәлелдеп отыр.

Мәселен, Германияда үйінде қариясы жоқ отбасылар балаларын тәрбиелеу үшін арендаға ата-әже жалдап, сол кісілердің мейірім-шапағаты үшін қыруар қаржы төлейді екен. Ал Германия өте дамыған мемлекет екенін айтып жату артық. Сол мемлекетте «аренда әже», «аренда ата» деген ресми ашылған қызмет түрі бар екен. Ұзақ жылғы ғалымдардың зерттеу қорытындысы бойынша сол қызметке жүгінгендердің балалары өте тәрбиелі, мейірімді, жылы жүректі, қайырымды болып ер жетеді екен. Ал ол қызметті керек етпегендердің балаларының психологиясы өте ашушаң, мейірімсіз, қатыгез болып қалыптасатын көрінеді.

Көрдіңіз бе, ата-бабамыз ықылым заманда салған сара жол мен сәт-дәстүрімізді аластығы шетелдің ғалымдары мойындап, енді соған ден қойып жатыр. Ал біз алақанымыздағы алтындарымыздың жылуынан айырылып, ұрпақтарымыз жапа шегіп, мейірімсіз болып барады.

Жалпы, шығыс пен батыс гуманистерінің бәрі де «Дүниенің ең асылы, бағалысы – адам, ал оның

бақыты – бала» деп білген. «Адам бақыты – бала» деген ғұлама ойшылдардың пікірін біздің қазақ былай тұжырымдайды: «Адам бақыты - бала, егер ол саналы болса». Сондықтан қазақ Құдайдан бала сұрағанда

«О, Құдай бала бер,
Бала берсең, сана бер!
Санасыз болса,

Қайта өзің ала бер» дегенінен сан ғасыр бойы өз ұрпағын «сегіз қырлы, бір сырлы» өнегелі өнерлі, адамгершілік ар-ожданы жоғары, намысқой азамат тәрбиелеп келгені – тарихи шындық. Ендеше, осы сарында бала тәрбиелеу ісін бүгінгі заман өзгерістеріне үйлестіре отырып, жалғастыру – біздің борышымыз.

Қазіргі жастарға «Ей, перзентім, ата-ананды ешқашан ренжітпеші болма. Олардың көңіл-күйіне қаяу салып қапаландырма. Сені жан-тәнімен жақсы көріп, тәрбиелеп жүрген ата-ананың көңілін қалдыратын қандай да бір іс жасасаң, сен ешқашан жақсылыққа лайықты жан емессің, өйткені кімде-кім ата-ананың жақсылығын білмесе, басқа біреудің жақсылығын да бағаламайды. Егер сен өз перзентім құрмет қыл-сын десең, сен де ата-ананды құрметте, сен ата-анаңа не істесең, саған перзентің де соны жасайды. Перзент жеміске, ата-ана жеміс ағашына ұқсайды. Жеміс ағашын жақсы күтсең, жемісі де дәмді, жақсы болады. Сол сияқты ата-анаға деген ізгі тілегі қабыл болғаны. Шариятта да отбасы жоғары бағаланып, оның бала тәрбиелеп өсіруіне бірінші дәрежелі мән берілген.

Онда «Балалар-ата-аналар қолына берілген аяулы аманат» делінген. Бұл ғажайып құдайшылық анықтаманы жадыда ұстау былай тұрсын, әр үйдің маңдайшасына жазып қоюға тұрарлық. Баланың ездігінен өмір сүруге мүлде қабілетсіз нәресте кезінен бастап бақытты балалық шағы, жеке шаңырақ көтергенге дейінгі жастық жолдары өтетін отбасын бақыт жағалауын бетке алып, өмір – айдында жүзіп бара жатқан қайыққа теңесек, оның қос ескегің әке мен шеше дер едік.

«Балаң жақсы болса, жердің үсті жақсы, балаң жаман болса, жердің асты жақсы» дейді қазақ. Отбасындағы ата-ана мен балалар арасындағы кикілжіңдер көбінесе бала кәмелеттік жасқа толғаннан бастап орын ала бастайды. Бала бойындағы физикалық, психологиялық өзгерістер оның мінез-құлқының өзгеруіне әкеліп соғады. Сондықтанда ата-ана өсіріп отырған баласының тәрбиесіне осы кезеңдерде жете көңіл бөлгені жөн.

Ата-ананың үміт-арманы баласымен бірге жасайды. Сол себепті олардың бар тілеуі балаға бағышталған. Оның амаңдығын, үрім бутакты, бай бақтақты, атақ-абыройлы болуын тілейді, өздері әл-қуаты кетіп, ауру-сырқаулы болып қартайғанда сол баланың қайырын көріп, мерейіміз өссе екен деп армандайды. Ақырғы, ең қастерлі тілектері: «Бала-шағарың алдында дүние салып, солардан топырақ бұйырса».

Осындай ата-ананы сыйлау, саби шағында өзіңді олар қалай бағып-қақса, қартайғанда оларды да солай алақанға салып аялап күту – адал перзенттің парызы. Ал парызы орындау перзент үшін Алладан аманат. Ал аманатқа қиянат жасау – көшірілмес күнә. Сондықтан қара шаңырақты қиесен, ата-анамызды немере-шөбересінен айырмай, алтын жүректі қарт-тарымызды қадірлейің. Себебі қарты бар үйде қазына барын бір сәт естен шығармайық, ағайын!

гауһар қожаХметова

БәрЕкЕлді!



ГҮЛНАРДЫҢ ЖҮЛДЕСІ



қазақ Даласында өнерге деген құрмет өте жоғары, ерекше. шығармашылық деген нәзік әрі құнды дүние Халық үшін. ғасырға жуық тарихы бар жалағаш жері де талай талантты шындаған шөжіренің ордасы, мәдени мұраға бай киелі мекен. өнер руханияттың айнасы десек, сол өнер тарландарының, майталмандарының басын қосқан мәдениет саласы – руханияттың мәйегі. ал осы майталмандар салған сара жолды адаспай танып, өнер атты бұлақпен сусындап жүрген бүгінгі жас ертеңгі ұрпақ үшін үлгі болатын тұлға деуге болады.

нұржамала алмасқызы



Мақаламызды өнердің құдіретін ұғындыратын осы сөзімізден бастауымыз да себепсіз емес. Бұл бір жағынан қазақ мәдениетіне тағы бір берілген баға болса, екіншіден Ш.Шәменов ауылынан жеткен ақжолтай хабар еді. Қайраткер атындағы ауылдағы мәдениет үйінің әдіскері Гүлнар Мырзалиева жақында үздіктер қатарынан оза шығып, «Үздік жас маман – 2021» байқауында жүлделі болды. 1 орынды еншілеген Гүлнар Найзағұлқызы өзі жұмыс жасайтын мәдениет үйінің жетістіктер қатарын тағы бір жүлдемен толықтырса, ауданымыздың да мерейін асырды.

Айта кетейік, жуырда ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналып, Қармақшы ауданының мәдениеті мен өнеріне еңбегі сіңген ардагер Сұлтан Сармолдиннің жүлдесі үшін өткізілген «Үздік жас маман – 2021» облыстық жас мамандар байқауы өткен болатын. Байқау барысында тәуелсіздіктің құндылығы, Тұңғыш Президенттің тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуындағы рөлі, Сұлтан Сармолдиннің өнегелі өмір жолы насихатталса, осы шара арқылы жас мамандар шығармашылықты, өз қызметін жауапкершілікпен атқаруды, жүйелі жұмысты қалыптастыруды, өз қатарластарынан үздік әрі білікті болуды және қазақстандық патриотизм рухына үн қосуды өн бойларына тәжірибе етті. Сыр өңіріндегі әр ауданнан үздіктерді жиған байқауда үміткерлер алдымен «Мамандығым – мақтаным» айдарында бейнекөрсетілім көрсетіп, қызметі туралы толық таныстырды. Осы бөлімде дайындалған бейнекөрсетілімдердің маңыздылығы мен сапасы ескеріліп, бағаланды. Келесі «Ізденіс. Шығармашылық. Нәтиже» бөлімінде қатысушылар тәуелсіздік жылдарынан бергі елдегі жетістіктерді, әр өңірдің өнері мен мәдениетіндегі өзгерістерін халыққа жеткізу бағытында жаңаша жұмыстар ұйымдастырды. «Өнерлінің өрісі кең» деп аталатын үшінші кезеңінде қатысушылар жанр түрлерінен өнерлерін ортаға салса, соңғы «Мәдениет менеджменті» кезеңінде үміткерлердің жаңашылдыққа бағытталған жобалары талқыланды. Яғни осы кезеңде байқау қатысушылары өз жобалары арқылы мәдениет үйлеріндегі жұмысты үйлестіру, жоспарлау, ұйымдастыру сынды қызмет түрлерін дамытуды, менеджменттік басқару әдістері мен принциптерін ұсынды.

Кейіпкеріміз Гүлнар Найзағұлқызы байқау шарттары бойынша үздік жұмыстар мен жобаларды әзірлеп, қанша білікті маманның алдына шықты. Ол аталған байқаудың өз өнерін көрсететін кезеңінде арнау жазып, басқалардан ерекшеленді. Ал екінші кезеңінде жерлесіміз дикторсыз, жүргізушісі ұсынылатын сценарий қойған. Ұсынылған сценарийдің мақсаты Елбасы мен Тәуелсіздіктің егіз ұғым екенін баяндау, осы арқылы әр адамға өмірде өз орын қалыптастыруы үшін ізденіс, көз көлген жұмысқа шығармашылық көз-қараспен қарау, сонда ғана нәтиже болатынын дәлелдеу, Елбасының жетістікке жету жолын паш етуден тұрды.

– Байқаудың шарттарымен алғаш танысқанда қойылатын талаптардың жеңіл еместігін көрдім. Бірақ шын жүйрік шаршы алаңда шындалады дегендей, мен де өзіме осы жүкті міндеттедім де, дайындыққа кірістім. Әсіресе үздіктер қатарынан көрінуіме себеп сценарийлік жұмысымыздың сапасы жоғары болғанын айта аламын. Қойылған көрініс мақсатына толық жете алды, негізгі ойды көрерменге, қазылар алқасына түсіндіре алдық деп ойлаймын. Өнер мен мәдениеттің ортасында жүргендіктен, өнер әлемінен алыс болу арға сын. Сондықтан да саланың дамуына үлес қосуды, өнердің парқын түсінуді о баста өзіме жауапкершілік етіп алдым. Ауылдағы мәдениет үйінде әдіскер болсам да, облыстық байқауда өзімді көрсете алдым. Өрине бұл жетістікке жетуімде ұжымымның қосқан үлесі зор. Әрқайсы осы жүлде үшін, осы жеңіс үшін атсалысты. Абырой ортақ, әр ортақ болғанын, әсіресе аудан намысын қорғайтын байқауда әзірлік жұмыстарын нық әрі сапалы етуге тырыстық. Жалпы көріп отырғандарыңыздай, еңбегіміз еш кетпеді. Марапат төрінен көріндім, – деген жүлдегер өнерпаз қашанда жан-жақтылық пен жаңашылдық өз жемісін беретінін айтады.

Иә, үміт пен сенімді арқалап, оны ақтап шығу, жүлдемен оралу – кімге болса да бақыт сыйлайтын керемет сәт. Біздің Гүлнар да бағы мен бабы қатар шауып, бірінші орынды еншілеген бақытты жан. Егер үміт артқаның үмітінді ақтаса, сен қосқан бейдеге кіл мықтының арасынан суырылып шығып, жеңіске жетсе, сенім үдесінен шыға алса, өрине біздің мерейіміз үстем, абыройымыз асқақ деуге болады.

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г кезегі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет ар алпаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, “Сыр медиа” ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-18 телефондарына хабарласуға болды.

Таралымы 3001 Тапсырыс № 1708

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Қуат Ахметов